

Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қарашадағы № 657 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 20 желтоқсанда № 14538 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 132-5-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру қағидалары бекітілсін.

2. Жетім баланы және (немесе) ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы қабылдайтын ата-аналарға беруге байланысты ай сайынғы ақшалай төлем мөлшері он айлық есептік көрсеткішті құрайтыны белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (М.С.Әбдікәрім) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмелерін "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мөрімен расталған және осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

2016 жылғы 18 қараша

_____ *Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 15 қарашадағы
№ 657 бұйрығымен бекітілген

Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әзірленген және баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға бөлінетін ақшалай қаражатты төлеуді жүзеге асыру тәртібін.

2. Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындауды және төлеуді қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар (бұдан әрі – орган) жүргізеді.

3. Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім баланы (балаларды), ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға ақшалай қаражатты тағайындау және төлеу жетім баланы және (немесе) ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген әрбір балаға (балаларға) жүргізіледі.

2-тарау. Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру тәртібі

4. Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру үшін баланы қабылдайтын ата-аналардың біреуі тұрғылықты жері бойынша органға:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланы күтіп-бағуға ақшалай қаражатты тағайындау туралы өтінішті;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 қазандағы № 597 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14425 болып тіркелген) бекітілген Баланы қабылдайтын отбасы туралы ереженің 11-тармағына сәйкес баланы қабылдайтын отбасына баланы беру туралы шарттың көшірмесін;

3) екінші деңгейдегі банкте ағымдағы шотты ашу туралы шарттың көшірмесін ұсынады.

5. Орган баланы күтіп-бағуға бөлінетін ақшалай қаражатты тағайындау туралы өтінішті тіркегеннен кейін бес жұмыс күні ішінде баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген баланы күтіп-бағуға бөлінетін ақшалай қаражатты тағайындау туралы шешімді осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығарады. Шешім осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланы қабылдайтын ата-аналарға баланы күтіп-бағуға бөлінетін ақшалай қаражатты тағайындау туралы шешімді тіркеу журналына енгізіледі.

6. Баланы қабылдайтын ата-аналарға ақшалай қаражатты тағайындау туралы шешімнің негізінде орган ақшалай қаражатты тағайындау туралы шешім қабылданған айдан бастап баланы қабылдайтын ата-аналарға ақшалай қаражатты төлеуді жүргізеді.

7. Баланы қабылдайтын отбасындағы балаларға бөлінетін ақшалай қаражат қамқорлыққа алынушы, оның туған айын қоса алғанда, он сегіз жасқа толғанға дейін баланы қабылдайтын ата-аналарға тағайындалады және төленеді.

8. Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген балаларды күтіп-бағуға бөлінетін ақшалай қаражатты төлеу ақшалай қаражатты тағайындау туралы шешім шыққан айдан бастап ай сайын ағымдағы айдың он бесінші күнінен кешіктірілмей алушының екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шотына қаражатты қолма-қол ақшасыз аудару арқылы жүргізіледі.

9. Баланы қабылдайтын ата-аналарға балаларды күтіп-бағуға бөлінетін ақшалай қаражатты төлеу "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 132-2 бабының 3-тармағына сәйкес шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда тоқтатылады.

Ақшалай қаражатты төлеуді тоқтату шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына негіз болған айдан кейінгі айдан бастап органның шешімі бойынша жүргізіледі.

10. Орган шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде баланы қабылдайтын ата-аналарды ақшалай қаражатты төлеудің тоқтатылғаны туралы хабардар етеді (еркін нысанда).

11. Органның кінәсінен баланы қабылдайтын ата-аналар уақытылы алмаған ақшалай қаражатты органға өтініш түскен күннен бастап барлық өткен кезең үшін төленеді.

Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген
жетім
балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз
қалған
балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру
қағидаларына
1-қосымша
нысан

Баланы күтіп-бағуға ақшалай қаражатты тағайындау туралы өтініш

(орган атауы)

Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген балаларды күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын тағайындауды сұраймын

(баланың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Баланы қабылдайтын ата-ананың тегі _____

Аты _____ Әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____

Мекенжайы _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі _____

Серия _____ нөмір _____ берілген

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Ағымдағы шотының № _____ банктің атауы _____

Жеке мәліметтерде өзгерістер болған жағдайда күнтізбелік 15 күн ішінде ол туралы хабардар етуге міндеттенемін.

Жалған мәлімет пен жасанды құжаттар бергенім үшін жауаптылық туралы ескертілді.

" ____ " _____ 20 ____ ЖЫЛ _____

(өтініш берушінің қолы)

Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген балаларды күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын тағайындау туралы шешім _____

20 ____ жылғы " ____ " _____ .

Құжаттар: 20 __ жылғы " __ " _____ қабылданды

(құжаттарды қабылдаған жауапты тұлғаның қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),

(қию сызығы)

Жеке деректерде өзгеріс болған жағдайда күнтізбелік 15 күн ішінде ол туралы хабардар етуге міндеттенемін.

Жалған мәлімет пен жасанды құжаттар бергенім үшін жауаптылық туралы ескертілді

Азамат _____ өтініші қоса берілген _____ данадағы
қ ұ ж а т т а р м е н
бірге _____ 20 __ жылғы " __ " _____ қабылданды.

(құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), лауазымы, қолы)

Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген
жетім
балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз
қалған
балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру
қағидаларына
2-қосымша
нысан

Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген баланы күтіп-бағуға бөлінетін ақшалай қаражатты тағайындау туралы шешім

20 __ жылғы " __ " _____ № _____

(орган атауы)

Істің № _____

Азамат _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Өтініш берілген күн _____

Баланың туу туралы куәлігі (туу туралы актінің жазбасы)

Берілген күні _____ № _____

Баланың туу туралы куәлігін (баланың тууы туралы актінің жазбасын) берген органның атауы

Баланың Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Баланың туған күні _____

Баланы баланы қабылдайтын отбасына беру туралы шарт

жасалған күні 20__ ж. _____

Тағайындалған ақша қаражатының сомасы

20__ ж. _____ бастап 20__ ж. _____ аралығында _____ айлық есептік көрсеткіш

(жазумен)

_____ себебі бойынша ақша қаражатының төленуі тоқтатылды

М.О.

(Орган басшысы) (қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Баланы қабылдайтын ата-аналарға берілген жетім балаларды, ата- аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуды қаржыландыру қағидаларына 3-қосымша нысан

Баланы қабылдайтын ата-аналарға баланы күтіп-бағуға бөлінетін ақшалай қаражатты тағайындау туралы шешімдерді тіркеу журналы

№	Баланың Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Баланы қабылдайтын ата-ананың Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Баланы қабылдайтын ата-аналарға баланы күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын тағайындау туралы өтінішті беру күні	Баланы қабылдайтын ата-аналарға баланы күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын тағайындау туралы шешімді қабылдау күні	Баланы қабылдайтын ата-аналарға баланы күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын тағайындау туралы шешімді берген күні	Алу туралы қолхат	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8